

Мукашева М. Ч.

ПЕН АРАЛ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ЖАЗБАША ТІЛ ДАМУЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ЖҰМЫСТАРЫ

Мукашева М. Ч.

РАЗВИТИЕ РЕЧИ И ПИСЬМЕННОГО ТВОРЧЕСТВА ЧЕРЕЗ МЕЖПРЕДМЕТНЫЕ СВЯЗИ

УДК:371.25.18-36

В данной статье освещены вопросы о значении межпредметной связи казахского языка и литературы. Письменная работа на уроках казахской литературы для учащихся с русским языком позволяет ему обдумать ответ, увидеть ситуацию, полнее и грамотно выразить свои чувства и мысли, поднять речь на более высокий уровень изложения.

This article questions the importance of consecrated interdisciplinary communication Kazakh language and literature. Written work in the classroom for students of Kazakh literature with Russian language allows him to think about the answer, see the situation more fully and intelligently express their thoughts and feelings, to raise it to a higher level of presentation.

Қазіргі таңда пәнаралық байланыс проблемасын педагогикалық, психологиялық, әдістемелік жағынан зерттеуге бұрынғыдан да үлкен мән беруде. Пәнаралық байланыс арқылы тіл дамыту ғылымның барлық саласымен тығыз байланыста болғанда ғана өз мақсатына жетеді. Әсіресе психология ғылымының бұл мәселедегі орны бөлек. Баланың тілін дамыту олардың ой-өрісі, танымын дамытумен астасып отырады. Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың жеке пәндерден алған білімі бойынша күрделеніп, жинақталып, оқушылардың бір пән аясымен шектелмей, өзге пәндермен сабақтастыра байланыстырып, сол пәндерді еркін меңгертуге дағдыландырады. Оқушылар белгілі бір пәннен алған білімдерін ары қарай дамытып, өзге пәндермен білімдерін сабақтастырып отырады.

«Дамыту» дегенде осы мәселемен ұзақ жылдар бойы зерттеген атакты ғалымдар Эльконин мен Давыдовтардың ізденісіне жүгінген жөн. Тіл дамытуда «Нені дамыту керек?», «Қалай дамыту керек?» деген мәселелер алдыда тұрады. Жогарыдағы ғалымдардың «Дамыта оқыту технологиясы» мен тіл дамыту технологиясы астасып келіп жатады. «Дамыта оқытуда нені дамыту керек» деген өзекті сұрақ туады. Оны былай жіктеуге болады:

- ойлау, қиялдау, болжауын;
- сезімін, түйсігін, зейінін;
- қабылдауын, ынтасын, есте сақтау қабілетін;
- оқу іс-әрекеттерін, дағды-машықтарын.

Пәнаралық байланыс арқылы тіл дамыту жұмыстары философиялық, психологиялық негіздермен тығыз байланыста. Әрбір ғылымның өзіндік ерекшелігі бар, сол ерекшелікті танып, меңгеріп бір-бірімен сабақтастыруда ойлаудың, қабілетің, танымның маңызы зор. Балалар ойларын, пікірлерін тіл арқылы жеткізеді, ал осы үрдістер мига тікелей байланысты болып келеді.

Әдебиетті және қазақ тілін байланыстырып шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстарының психологиялық негізі И.П. Павлов есімімен тығыз байланыстыруға болады [1]. Ғалым мидың аналитикалық-синтетикалық қызметін зерттеп, оның үздіксіз дамуда, өзгерісте болатынын анықтайды. Мидың анализдік, синтездік қызметі организмнің өмір сүруінің басты шарты болып табылады. Мәселен, мақал - мәтелдермен жұмыс жүргізу оқушының ойлау дүниесін жетілтіреді. Әсіресе, орыс сыныптарындағы оқушы сөздің астарлы мағынасын түсінуге тырысады. Еңбекке байланысты мақал мәтелдерді теріп жазғызу.

Үлгі : Еңбек етсең ерінбей, тояды қаран тіленбей; Еңбек түбі - береке;

Еңбек ерді көтерер, жаңбырмен жер көгерер.

Оқытушы мақал - мәтел жайында түсініктер бере отырып, мақалдың тура және ауыспалы мағынасын ұғынуы жағдай жасау қажет. Оқушылар әдебиет дәптеріне еңбектің зәдімі өмірінен алатын орын анықтап өз сөзімен жазғызу қажет. Мақал - мәтелдің құрылымдық ерекшелігіне мән беріледі. Оқушы мақал - мәтелдегі әсерлеуді табу керек.

Мысалы: **Көп түкірсе - қол;**

Жақсы - ай мен күндей.

Мақал - мәтелде халық сөзді үнемі ықшамдап қолдағаның, қысқа болып келетінін оқушы ұғынған жок. «**Ақыл жастан - асыл тастан**» мұнда шығады деген сөз айтылмайды. Өзінен - өзі түсінікті екеніне көз жеткізу керек

Әдебиетті және қазақ тілін сабақтастыра, салыстыра меңгеру барысында оқушылар тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп ойларын жеткізеді, қабылдайды, пікір айтады. Қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытудағы монологтік, диалогтік сөйлеу - тіл дамыту жұмыстарының өнімді жолдарының бірі. Оқушыларды сауаттылыққа, сөйлеу мәдениетіне, осы екі пәннен терең білім алуға, сөздік қордың молаюына, мәнерлі сөйлеуге, әдеби тілде ойын жатық жеткізуге үйретеді. Диалогтік сөйлесу сабақ барысында үнемі

ұйымдастырылып, жарыссөз, пікірталас түрінде өткізілсе, онда оқу мотивін қалыптастырудың негізгі шарты - әрбір оқушы өзін танытуға мүмкіндік береді. Тіл сөйлеу әрекеті арқылы іске асып, оқушының ойлау дағдысын қалыптастырады. Оқушылардың мәнді де мағышалы сұрақ қоя алуы ойлаудың алғашқы баспалдағы болып табылады.

Тіл дамыту жұмыстарын интерактивті әдістер арқылы жүргізудің тиімділігін-көреміз. Ұтымды жақтары төмендегідей: ...

1. Рольдік ойындар әдісі арқылы оқушылардың ойлауын, іскерлік дағдысын қалыптастырып, қабілетін, дарынын дамытады.

2. Мига шабуыл әдісі бойынша оқушылар қысқа уақытта, негізгі қиялына ерік береотырып, тақырып бойынша өз пікірлерін айтып, эвристикалық әдісті пайдаланады. Эвристикалық әдісті ғалымдар И.Т.Шимбирев, П.Н.Огородников «Эвристическая беседа побуждает учащихся самостоятельно думать, делать собственные усилия для приобретения и выработки знаний» - деп ойларын тұжырымдаған [3,173].

3. Дебат әдісі оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

4. Дискуссия әдісінде оқушылар өз ойын тез жинақтап, бір-бірімен пікір алмасып, ой қорыту процесі жылдам жүреді,

Сөйлеудің ерекше түрі - жазбаша сөйлеу. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат тани бастаған кезде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды. Жазбаша сөйлеу - арнаулы әдістер арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі [2,212].

Жазбаша сөйлеу оқушының тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жазбаша сөйлеуді меңгеруде бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап кіріседі. Қазіргі таңда мұғалімдердің алдында тұрған ең негізгі мәселелердің бірі - оқушылардың әдеби тілде көркем де шебер сөйлеуге, жаза білу дағдыларын қалыптастыру. Жазылым әрекетінде оқушылар берілген тапсырмаға зейінін аударып, әр сөзді ойлап құрастырады. Әдебиетті және казак тілін байланыстыра отырып оқушыларға әр түрлі тақырыпта шығарма, мазмұндама, ой-толғаулар жаздыруға болады.

Әдебиетпен қазақ тілін байланыстырып, әр түрлі шығармашылық жұмыстарды бергенде, оқушылардың назары, біріншіден, қызықты тапсырмаларға бірден ауады.

1. Абайдың «Күз» олені бойынша көркемдегіш сөздерді тап.

2. Метафора, эпитет, теңеу т.б. дәптерлеріне теріп жаз.

3. Абай сүреттеген көрінісі қоз алдарына елестетіп, бүгінгі «Алтын күз» жайында шағын эссе жаз.

Тіл дамыту мен ойды дамыту - тұтас жүйе. Екеуі қосылып өмірді, әлемді, дүниені танытады, бұл екеуі оқушының өзіндік ішкі «Менін» танытады. Ал бұл пікірді психолог-ғалымдар төмендегідей саралайды: «В процессе поведения человек воспринимает свои собственные действия и их результаты». Ғалым-психолог Г.С. Абрамованың пікірінше: «В индивидуальности в высшей степени проявляется направленность человека на себя, на свое Я. Понятие индивидуальности - регуляция своего Я нравственными и эстетическими нормами - позволяет, перейти к другому понятию, характеризующему наши различия, - к понятию личности» [4,139].

Ойлау мен сөйлеу бір-бірімен тығыз байланыста болады. «Ойлау дегеніміз - сыртқы дүние заттарын мен құбылыстарының байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі», - дейді Қ.Жарықбаев [2,184]. Ал психолог-ғалым Сәбет Б. : «Ойлау - бұл тұлғаның шындықты жалпылама жанама бейнелеуге бағытталған танымдық әрекеті» - дейді [5,172].

Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде көбінесе қайта жасау қиялы оқушының психикасын активтендіре түседі. Шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстары оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін көтеріп, білімді оқушылар өз іс-әрекеттері арқылы алуына көмектеседі. Осы жерде творчестволық қиялдың орны ерекше деуге болады. «Творчестволық қиял деп өзіндік жаңа образдар жасау арқылы әрекетте, жаңа продуктылар беруде көрінетін қиялды айтады. Творчестволық қиял - қайта жасау қиялына караганда әрі күрделі, әрі қиын», - дейді Қ. Жарықбаев [2,232].

Психолог- ғалым Ф.Н. Гоноболин: «Жеке адамға психологиялық сипаттама қажетті күш пен сезімге үлкен өрлеу тугызатын шабыт секілді психологиялық жағдай, әдетте қиялдаумен тығызбайланысты» - дейді [6,93]. Ал ғалым Г.С. Абрамова «Творчество - это такая деятельность человека, которая порождает качественно новое, никогда не бывшее», - деген [5,138].

Шығармашылық қиял оқушының ойына аса қажетті. Мәселен, оқушы шығармашылық тапсырманы орындауда жорамалдар жасап, сынап, тексеруде өз қиялына үнемі сүйенеді. Шығармашылық әрекетте оқушылар көбінесе интуицияға сүйеніп отырады. Мәселен, сабақ барысында жұмбақтар туралы мағлұмат беріліп, оқытудың тиімділігін арттыруға байланысты дамытушылық - шығармашылық жұмыс түрлерін ұсынуға болады.

Жұмбақтың - ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі екенін оқушылар жете түсінеді. Ол баланы жастайынан қиялдай білуге, табиғатты, қоршаған ортаны, тапқырлыққа бағыттайды;

1. Жұмбақтың тақырыбы сан - алуан; Жұмбақ мәтіні бойынша әдебиет дәптеріне жұмбақ жаздыру, сөз тіркесін жазу, жұмбақтың тақырыбы жағынан топтастыру, т. б.

2. Жұмбақ жанры бойынша ребус, красворд құрастырып өзі шешімін табу.

3. Оқушылар өз ойларын дәлелді түрде жеткізе білу; Бір - біріне жұмбақтар айтып шешкізуде, олардың мәтінге деген қызығушылықтары арттыратынын көрсетті. Бұл жұмбақтың қай - қайсысы болмасын тілдік талдауға айшықты сөздерді табуға бағыттау қажеттілігі туындайды.

Шығарма-тебіреніс, шығарма-толғау, арман-толғау сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардың эмоциялары өзгеріп, шабыт сезімдері пайда болады. Шығармашылықтың ең жоғарғы деңгейін шабыт дейді. Ғалым Сәбет Б: "Шабыттың сипаты - көңіл-күйдің шарықтауы, ой жақындығы мен дәлдігі, қарқындылығы мен жеке күйзеліс екендігі",-деп тұжырымдайды [5,200]. Шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстарының бір түрі - арман-толғау. Ол оқушылардың тек тілдерін ғана емес арман мен сезім * үрдісінің дамуына ықпалын тигізеді. Арман-толғау, шығарма-толғау тапсырмасы шебер де өрнекті тілді, талап етеді. Ең бастысы, оқушы өзін кейіпкер орнына қойып, арманына, қиялына ерік бере отырып тапсырманы жазып шығуға талаптанады.

Сонымен, пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту технологиясы оқушылардың қиял үрдісінің дамуына жол ашып отырады. Мысалы, ой-толғау, шығарма-тебіреніс, сыр-хат, модель қорғау, образ жасау жұмыстарында бала ойлау белсенділігін барынша жұмсайды да, қиял бейнелерінің жетегінде кетеді. Көркем әдебиеттегі түрлі кейіпкерлер мен бейнелерді көз алдына елестетіп, ерекше бір күйге, сезімге енеді. Сөйтіп, шығармашылық тапсырмалар баланың қиялын дамыта отырып эстетикалық сезімдерін оятады. Шығармашылық тапсырмаларды қазақ әдебиетімен байланыстырып беру балалардың интеллектісінің жедел өсуіне әсерін тигізеді. Олардың сүйікті кейіпкерлерінің қайғысын, қуанышын, сәтсіздігін, мұңын бірге бөлісіп, тіпті кейіпкерлерінің көңіл-күйін сезіну, оған ортақтасу сияқты сезімдер пайда болады. 13-14 жастағы жасөспірімді ойлантып, тебіренпейтін нәрсе жоқ. Ал пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар баланың жан қуаттарының дамуына әсер етеді.

Шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстарын орындап шығу үшін, балаларға жоғарғы сезімдер қажет. Жоғарғы сезімдердің бір түрі - эстетикалық сезім. «Эстетикалық сезім дегеніміз - адамның шындықтағы қандай болмасын бір сұлулықты сезінуі. Бұл текті сезімдер сұлу, сымбатты өмірге үйлесімді, әдемі көріністерді тамашалау немесе табиғаттағы көркем өмірдегі, әсіресе шынайы, эсем нәрселерден ләззат алу кезеңдерден байқалады», - дейді психолог Қ. Жарықбаев[2,254].

Күнделікті орындалатын тапсырмадар түрлеріне оқушылар төселіп, тұрақты әдетіне айналдырса, "зейіндері үйреншікті бола бастайды. Балаларға шығармашылық тапсырмаларды қызығып, ұзақ уақыт бойы орындай беру оңай емес, сол себептен ырықты зейінге орын беріледі. Сондықтан осы екі зейін түрін бірлікте қарастыра отырып, үйреншікті зейінмен тіл дамыту жұмыстарын істеуді әдетке айналдыруды машыктандыру керек. Пәнаралық байланыс барысында шығармашылық тапсырмаларды іріктеп ұсыну оқушылардың логикалық ойлауын арттыруға бірден-бір себебін тигізеді. Олар өзіндік ізденіске түседі. Пікір, тұжырым жасауға төселеді. Өзінше қорытынды жасай отырып өз ойын ашық, еркін білдіруге тырысады. Демек, оларды шығармашылық эрекетке баулимыз.

Оқыту барысында әдебиетпен қазақ тілін байланыстыра отырып, шығармашылық тапсырмалар беру арқылы тіл дамыту жұмыстары іске асырылады. Мұның өзі оқушының ойлау қабілетінің жоғарлауына, эстетикалық сезімдерінің оянуына, сөйлеу дағдыларының біртіндеп дамуына әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Павлов И.П. Избр. Москва:Просвещение, 1951.-509б.
2. Жарықбаев А. Жантану негіздері. - Алматы : Кітап. 2002. - 415б.
3. Шимбаров И.Т., Огородников П.Н. Педагогика. - Москва: Уч пед. ГИЗ. 1950.-432с.
4. Абрамова Г.С. Возрастная психология. - Москва: Академический проект деловая книга, 2000.-624с.
5. Сәбет Бап-Баба. Жантану негіздері. - Алматы : Дәнекер. 2001. - 297б.
6. Гоноболин Ф.Ы. Психология. - Алматы: Мектеп. 1976.-3 19с.

Рецензент: пед.ғ.д., профессор Т.Қ. Жұмажанова